



ХҒТАР 17.71.91  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-148-3-296-305>

## Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдердің түрлері мен қызметтері (Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» шығармасы негізінде)

Ж. Өмірбекова<sup>1</sup>, С. Сердалина<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Ұлттық тестілеу орталығы, ҚАЗТЕСТ қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі, Астана, Қазақстан

(E-mail: ozhamila@inbox.ru, saniya\_serdalina@mail.ru)

**Аңдатпа.** Бұл мақала қазақ әдебиетінің көрнекті жазушыларының бірі Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты еңбегіне негізделген. Бұл жұмыста кітапта анықталған қазақ-түрік фразеологизмдерінің мағыналары зерттеліп, осы тұрақты сөз тіркестерінің түрік тіліндегі баламалары берілмек болды.

Дұрыс аударма үшін, ең алдымен, аудармашының сөйлем элементтері арасындағы байланысты, сөз бен сөз таптарындағы ауыспалы және фразеологизмдік мағыналарды ажырата білуі арқылы ұсынуы өте маңызды. Тұрақты сөз тіркестерін аудару кезінде аудармашы бастапқы тілдегі берілген өрнектің мағынасын сақтай алуы өте маңызды. Сондықтан зерттеудің тағы бір мақсаты – тілдер арасындағы фразеологизмдердің аудармалары барысында кездесетін аударма мәселелерін анықтау және шешу жолдарын көрсету болып табылады. Қазақ және түрік тілдерін тұрақты сөз тіркестері тұрғысынан салыстырған кезде, екі тіл арасында формалды және мағыналық контекстте көптеген ортақ фразеологизмдердың бар екені көзге түсті. Дегенмен, бастапқы және аударма тілдердің арасында еш баламасы жоқ кейбір тұрақты сөз тіркестері де бар екендігі және формальды түрде ұқсас тілдік бірліктері бола тұра, әр тілде әртүрлі мағынаға ие фразеологизмдер де анықталды. Бұл жағдай тілдер аралық аудармаларда алдамшы балама болып саналатын «тұзақ сөздер» сияқты «тұзақ фразеологизмдердің» де бар екендігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, түрік тілі, фразеологизмдер, Бердібек Соқпақбаев, Балалық шаққа саяхат.

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 16.09.2024; Онлайн қолжетімді: 25.09.2024

## Кіріспе

Жаңадан үйренген тілді жақсы қолдана білудің маңызды көрсеткіштерінің бірі – сол тілдегі фразеологизмдерді орынды, дұрыс қолдану. Түркі тілдері бір-бірі үшін шет тілдері сынды қатты алыс болмаса да, туысқан тілдер үшін де бұл көрсеткіш маңызды.

Ол екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ұлттық әдебиетке араласқан, келбеті, болмысы ерекше дарынды қазақ жазушыларының бірі болып табылатын Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты еңбегінің негізінде қазақ және түрік тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің түрлері мен қызметтерін зерделеп, көрсетіледі.

Әрбір тілде тұрақты сөз тіркестері тілдегі орны өте зор, маңызды. Фразеологизмдер аз сөзбен көп нәрсені айта алу, сөз тіркесін әсерлі ету, айтылған ойды күшейту жағынан аса құнды. Фразеологизмдер халықтардың өмір тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған халық мәтелдері.

Осы тұрғыдан алғанда тұрақты сөз тіркестері халықтардың жадысы және мәдени қазынасы болып табылады. Дегенмен фразеологизмдермен, мақал-мәтелдермен, ауыспалы мағынадағы сөздер, сөз тіркестерімен бірге, бұл аударма тәжірибесі үшін де, тіл теориясы үшін де ең үлкен проблемалардың бірі. Аударма тәжірибесінде фразеологизмдерді екінші тілге аударуда әртүрлі қиындықтары бар. Себебі әр түрлі тілдердегі әсіресе ауыспалы мағынадағы сөздердің семантикалық және стилистикалық қолданылысы алуан түрлі. Фразеологизмдер әр тілде өзіне ғана тән мағынасы тұрғысынан басқа әлем жасайды. Сондықтан аударманы дұрыс түрде жүргізу үшін, ең алдымен, аудармашы екі тілдің де қыр-сырын жетік меңгеруі керек. Сонымен қатар, аудармашының сөздер мен сөз таптарындағы сөйлем мүшелері мен ауыспалы мағынадағы және фразеологизмдер арасындағы байланыстарды дұрыс көрсете білуінің маңызы зор. Тұрақты сөз тіркестерін аударған кезде аудармашы бастапқы тілдегі ойды, мағынасын бірдей, дұрыс көрсете білуі тиіс.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың зерттеу материалы ретінде Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты шығармасындағы фразеологизмдері алынған. Аударма әдісі негізінде қазақ және түрік тілдерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ортаға шығару арқылы түркі фразеологиясына қатысты талдаулар және аудармадағы ерекшеліктер баяндалған. Көркем мәтіндегі фразеологизмдердің түрлері мен қызметтерін жан-жақты зерттеу барысында сипаттама, салыстырмалы, салғастырмалы, квантитативті т.б. әдістер мен жинақтау, жүйелеу, талдау, түсіндіру тәсілдері тиімді қолданылды.

## Зерттеу нәтижелері және талқылау

*Фразеологизмдер туралы:* Қазақ тіл білімінде фразеологияларды зерттеу 20 ғасырдың 40-жылдарында Кенесбаевтың еңбектерінен басталды. Осы себепті Кенесбаев қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің негізін салушы болып саналады. Көп жылдық ізденістерінің

нәтижесінде 1977 жылы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегін жарыққа шығарып, сөздігіне он мыңнан астам фразеологизмдерді енгізді. Кеңесбаев сөздіктің «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер туралы» деп аталатын соңғы тарауында қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселесін кеңінен қарастырған. Кеңесбаев фразеологизмдердің қазақ тілінде дербес сала екендігін, фразеологизмдердің нақыл сөздермен, мақал-мәтелдермен байланысын, фразеологизмдердің түрлерін, стилистика жағынан ерекшеліктерін, дыбыс үндестігін, фразеологизмдердегі синонимдерді, оларды құрайтын сөздерді т.б. назарға алған.

I. Кеңесбаев фразеологизмдерге тән өзіндік белгілер арқылы ғана оларды тұрақты тіркестер деп тануға болады. Ал фразеологияның теориялық тұжырымы бойынша тіркестерді фразеологизм деп тану үшін қалыптасқан үш белгісін атайды. Олар: 1. Мағына тұтастығы; 2. Тіркес тиянақтылығы; 3. Қолдану тұрақтылығы. Осы аталған үш басты белгіге, яғни үш критерийге сүйене отырып бүкіл қазақ тілінің құрамындағы фразеологиялық құбылыстарын ең негізгі үлкен екі арнаға бөледі. Олардың біріншісі – фразеологиялық түйдектер, екіншісін – фразеологиялық тіркестер деп атайды [1;56].

Виноградов пен Шанскийдің фразеологизмді топтастыру жүйесі қазақ тіл білімінде 1970 жылдан бері қабылданған. Орыстың екі лингвисті фразеологизмдерді құрайтын элементтер арасындағы байланыс негізінде идиомаларды төрт негізгі тақырыпта бөліп қарастырған: а) Фразеологиялық тұтастық; б) Фразеологиялық бірлік; с) Фразеологиялық тізбек; d) Фразеологиялық сөйлемше [2;22].

Фразеологизм – бірнеше сөзден жасалған ауыспалы мағына. Бұл белгілі бір идеяның пайымдауын, сезімін немесе аудармасын білдіру болып табылады. Фразеологизмдердің негізгі мақсаты – жағдайды білдіру; Оларда әдетте ешқандай ереже жоқ. Олардың ең спецификалық ерекшелігі - затты немесе оқиғаны бейнелеу. Олар сіңіп, клишеге айналғандықтан, оларды қолдануда абай болу керек [3;7].

II. *Фразеологизмдердің қазақ тілінен түрік тіліне аударылу жолдары:* М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтар «Қазақ тілінің стилистикасында» фразеологияның аудармасына арнайы тоқтаған. Мұнда авторлар мәселенің қиындығын айтып қарап отырмай, фразеологизмдерді аударудың әртүрлі жолдарын қарастырады. Үш түрлі тәсіл болуы ықтимал екенін дәлелдейді. Ол қандай тәсілдер:

Біріншіден, «фразеологизмдерді аударуда оның жалпы мағынасы беріледі». Екіншіден, «фразеологизмдерді аударуда олардың өзара мәндес келетіндігі ескерілетінін» айтады. Тіл-тілдегі фразеологизмдердің өзара сәйкес, мәндес келуі, шынында да аударманың жатық, түсінікті болуына септігін тигізеді. Үшіншіден, «көптеген тұрақты сөз тіркестері бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударылады» [4;20].

Орыс ғалымы Виноградов фразеологизмдердің басқа тілдерге аударудың келесі әдістерін ұсынған:

– Сөз түріндегі аударма: фразеологизм аударылатын тілге аударғанда фразеологизм ретінде табылмаса, оның баламасы дәл мағынасы бар сөздермен беріледі.

– Мағыналық аударма: Мағынаны сақтап қалу үшін еркін сөздерден құралған бір сөз тіркесі ретінде беріледі.

– Сөзбе-сөз аударма. Бұл әдіс өте аз қолданылады [5;211].

Осы тақырыпта Түркияда жүргізілген маңызды бір зерттеуде Өмер Асым Аксой тұрақты сөз тіркестерін басқа тілдерге аударуда кездесетін жағдайларды былай түсіндіреді:

– Ерекше формасына байланысты басқа тілдерге сөзбе-сөз аударыла алмайтындар немесе сөзбе-сөз аударылғанымен түрік танымын көрсетпейтіндер.

– Тілімізде нақты мағыналарынан басқа да қолданылғанда басқа тілдерге де бірдей сөздермен және ауыспалы мағыналарымен аударыла алатындар.

– Тілімізде нақты мағынасымен қолданылғандықтан, басқа тілге сөзбе-сөз аударыла алатындар [6;518].

Біздің негізге алған Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты шығармасында анықталған қазақ тіліндегі фразеологизмдер түрік тіліне аударылу барысында келесі төрт түрлі жағдай орын алды: 1. Екі тілде де мағынасы бір, формасы бірдей фразеологизмдер; 2. Мағынасы ортақ, бірақ формасы әртүрлі фразеологизмдер; 3. Түрік тілінде баламасы жоқ фразеологизмдер; 4. Тұзақ фразеологизмдер – формасы жағынан бірдей, бірақ мағынасы әр түрлі фразеологизмдер.

### III. «Балалық шаққа саяхат» атты шығармада анықталған фразеологизмдер:

1. Екі тілде де мағынасы бірдей, формасы мен құрылымы да бірдей фразеологизмдер:

Біз аузымыды ашып, ұйып тыңдауды ғана білдік [7;25]. *Biz ağızımız açık sadece dikkatli dinlemeyi bildik.*

Жеті қараңғы түнде сонша жерден жан ұшырып жалғыз келгенімді білгенде, жаным қалай қорықпадың деп, елжіреп *бауырына басты* [7;68]. *Zifiri karanlık uzak yerden canım yanarak yalnız geldiğimi fark edince “canım, nasıl korkmadın?” diye merhametle bağına bastı.*

*Екі отың ортасында қалдым* [7;159]. *İki ateşin arasında kaldım.*

Күресерге *дәрмен жоқ*, іш қазандай қайнайдының нағыз өзі [7;59]. *Savaşmaya derman yok, ağzı dili bağlanmanın ta kendisi.*

### 2. Мағынасы бірдей, бірақ формалары мен құрылымы әртүрлі фразеологизмдер:

*Ақыл тоқтатып*, енді қалайда мерт болмаудың жолын қарастырдым [7;65]. *Kemale erip şimdi bir şekilde sakatlanmamanın yolunu bulmaya çalıştım.*

Сезінгіш жүрегім есіктен аттап кірген бетте-ақ үй ішін *ала құйын кезіп* өткенін, аға-жеңгемнің арасындағы әуелгі сүттей ұйыған татулықтан түк қалмағанын бірден байқады [7; 168]. *Hassas kalbim, kapıdan girince evin içinde fırtınalar koptuğunu, abimle yengemin arasında eski kaynaşmadan, eski birlikten bir şey kalmadığını hemen hissetti.*

*Ам үсті* жуынуға және болмайды, тексеретін Майра бар [7;39]. *Baştan savma yıkanmak da olmazdı, kontrolcü Mayra var.*

Бойы менен ұзын, дүрдік ерін, *аузынан сөзі, қойнынан бөзі* салбыраған момын [7;259]. *Boyu benden uzun, kalın dudaklı, gevşek ağızlı, eline vur, ekmeğini al, uysal biri.*

Сармановқа осылай да осылай деп, сарнап айтып берсем, Жылқыбайдың *аяғы көкпен келер* еді [7;66]. *Sarmanova böyle böyle diyerek her şeyi olduğu gibi anlatırsam Jilkıbay'ın işi biterdi.*

Оның алдында *аяқтарының ұшынан жорғалайды* [7;33]. *Onun önünde korkudan ödleri kopardı.*

Алдына Әзірейлі келіп тұрса да қасқайып, *айылын жыймай* сөйлесетін [7;37]. *Önüne Azrail dâhi gelse gözü pek biriydi, dimdik konuşurdu.*

Кейін жай қамшылансаң да *басын ала қашып* тұрады [7;54]. *Sonra az kamçıyı kaldırıversen başını alıp sıvıştır.*

Бізді қаталдығымен *безек қатырғанда* колхоз жұмысының қамы үшін емес, әрине [7;59]. *Bizi sertliğiyle nefes aldirmeden koşturması tabii ki kolhoz işinin ilerlemesi için değildi.*

Міне, енді енесінен айрылған *боташа боздап* келе жатырмын [7;140]. *İşte şimdi annesinden ayrılmış hıçkırığa hıçkırığa ağlayarak geliyorum.*

«Ұр Киікбай!, Ұр Найзаны!» бұл ұран *делебесін қоздырмайтын* жан жоқ [7;29]. *“Vur Kiyikbay’a!”, “Vur Nayza’ya!”* diye söylenen bu slogan için *gaza gelmeyecek* kimse yok.

Күйеуін күте-күте *екі көзі төрт болып*, зарыққан адам тәрізді [7;287]. *Kocasını beklerken dört gözle bekleyen* yorulmuş insan gibiydi.

Бір күн жұмыссыз отырса, *екі қолы алдына сыймайды* [7;189]. *Bir gün boş otursa canı sıkılırdı.*

Иә, біздің үйді үй етіп, *ел қатарына қосып* едің [7;269]. *Evet, bizim evi ev yarıp adam eden sen idin.*

Есік жабық болса, *еңсең басылып*, үйде емес, үңгірде отырғандай боласын [7;18]. *Karı kapalı olursa bir ağırlık çöküp* sanki evde değil mağarada oturuyormuş gibi olursun.

Ал мен *ес білгелі* ол науқасшаң [7;80]. *Benim aklım kesmiş* keseli o hep hastaydı.

Біртіндеп *есімізді жыйып*, бірімізден біріміз не болғанымызды зерттеп қарап жатырмыз [7;234]. *Yavaşça kendimize gelip birbirimize* ne olduğunu anlamaya çalışıyorduk.

Күресерге дәрмен жоқ, *іш қазандай қайнайдының* нағыз өзі [7;59]. *Savaşmaya derman yok, ağız dili bağlanmanın* ta kendisi.

Қашан жетіп, естігенше *ішіме қан құйылғандай* болам [7;165]. *Ulaşıp işitinceye kadar kendimi yer bitiririm.*

Түсте үйге *ішімде ум қаңсылап* әрең жетем [7;250]. *Öğlen eve karnım zil çalarak* zor dönerdim.

Інімнің бауырмалдық қылығына *іші-бауырым еріп* кеткендей болды [7;293]. *Küçük kardeşimin bu masum hâline kalbim sizlar* oldu.

Бұл күндері менің *ішкенім ірің, жегенім желім* [7;165]. *Bu günlerde hep endişeli, diken üstüneyim.*

Сабақтан тыс жерде, мұғалім жоқта ол менің *үтімді шығарады* [7;84]. *Ders dışında, öğretmenin* olmadığı zamanlarda o benim *posatı çıkarır.*

Қырар біреуді, қырар деп, *жағаларын ұстайды* [7;38]. *Yıkar birini, parçalar!,* deyip *küçük dilini yutup şaşakalır.*

Жеті қараңғы түнде сонша жерден *жан ұшырып* жалғыз келгенімді білгенде, жаным, қалай қорықпадың деп, елжіреп бауырына басты [7;68]. *Zifirî karanlık uzak yerden canım yanarak* yalnız geldiğimi fark edince *“Canım, nasıl korkmadın?”* diye merhametle *bağrına* bastı.

Қашан тышқанды қуып жетіп, бассалмайынша *жаны жай татпайды* [7;26]. *Fareyi kovalayıp* uakalayınsaya *kadar içi rahat etmezdi.*

*Жаным көзіме көрінеді* [7;40]. *Canım yanıyor.*

Жүнісбай сөз алған кезде сезіктілер қыйпақтап *жандары мұрындарының ұшына келіп* отырады [7;91]. *Jünisbay konuşmaya başladığında şüpheliler endişelenip içlerine bir korku düşerdi.*

Моланың қасынан өтіп бара жатқанда *жаным тырнағымның ұшында* [7;67]. Mezarlığın yanından geçip giderken *tüylerim diken diken oluyordu*.

Сөйтіп, мен концерттің басталуын күтіп, өзімді *қоярға жер таба алмай* жүрмін [7;132]. İşte konser başlamak üzereydi ve benim *elim ayağım* birbirine dolaşmıştı.

Жаяу жарыста қалайда озбақ болып, *жанымды салып* жүгіремін [7;42]. Koşmalarda ne olursa olsun kazanmalıyım diye *canımı dişime takarak* koşuyorum.

Біреу *жегені желкесінен шығып*, қамалып қалған [7;192]. Birisi *ağzından burnundan* getirerek hapse girmiş.

– Ой, тоба, бұл әкеңнің ауызы... *Жер жұтты* ма? Қайда кетт? [7;76] – Aman Tanrım, vay babanın ağzına... *Yer yarılıp içine* mi girdi? Nereye gitti?

Алматы *жер түбі*, үлкен қала екенін білем [7;9]. Almatı *dünyanın öbür ucu*, büyük şehir olduğunu biliyorum.

*Жерден жеті қаян тапқандай* болып, жүгіріп сол араға келейін [7;81] *Eteklerim zil çalarak* koşup oraya geldim.

**3. Түрік тілінде баламасы жоқ фразеологизмдер.** Қазақ тіліндегі кейбір фразеологизмдердің түрік тілінде фразеологизмдік баламасы жоқ. Бұл фразеологизмдерді аударғанда тек сөздер мен немесе сөз тіркестерімен мағынасы ғана беріледі.

Тұра-бара ол екеуміздің арамызда *ауыз жаласудан* гөрі шекісулер көбірек болатынын әуелгі күні ол да, мен де болжай алмаған тәріздіміз [7;174]. Gün geçtikçe ikimiz de *samimiyetten ziyade düşmanlaşacağımız* günlerin olacağını o zamanlar o da, ben de hiç tahmin edemezdik.

Бір түйір, жарты түйір тәтті табылса, *аузының дәмін алып*, ақ суды сонымен ішеді [7;19]. Bir parça veya yarım parça tatlı bulsa *ıştahlı yeuip* ek olarak sadece su içer.

Сөйтсем, шешем мені *аяқ астынан* жоғалтып алған [7;7]. Oysa annem beni *aniden* kaybetmiş.

Он екі, он үш жасар бала болып тұрсам да, менің *білмейтінім би астында* [7;209]. On iki, on üç yaşında bir çocuk olsam da benim *bilmediğim hiçbir şey yoktu*.

Арба қамшыдай шартылдап, ол енді бізді *бір шыбықпен айдайтын* болды. [7;31]

At arabasının kamçısı gibi şaklatıp *istediğini bize zorla yaptırmaya çalışıyordu*.

*Егіз қозыдай* Рамазан екеуміз тағы да біргеміз [7;301]. *İki kafadar, sıkı fıkı dost olan* Ramazan ile ikimiz yine birlikteydik.

*Екі кештің арасында* қайда барады? [7;115] *Akşamüstü alacakaranlıkta* nereye gidecek?

*Екі өкпемді қолыма алып*, ұшып келем [7;81]. *Çok hızlı koşup* uçarak geliyorum.

Ағайынның *іш тарлығы* қалмайды [7;95]. Akrabalarını *kıskançlığı* bitmez.

Әжем көнбіс, әрі *иі жұмсақ* [7;10]. Anneannem sakin hem de *yumuşak huylu* (biryidi).

Мен Жылқыбайды тажалдай *жек көруші* едім [7;55]. Ben Jilkıbay'dan çok *nefret ederdim*.

Өмірбек *жер қапқанын* бірақ біледі [7;129]. Ömirbek *kandırıldığını* o zaman anlar.

Сонда да дастарқан басынан тұрып кете алмай, *жіңсіз байланып* отырмын [7;19]. Yine de sofrı başından kalkamadan *isteksizce bağlanmış* gibi oturuyorum.

Әкем Ыдырыс *кең өңеш*, қоймағай адам [7;19]. Babam İdris *açgözlü*, tamahkâr kişі.

Шешемнің өлетініне менің де *көзім жете* бастады [7;134]. Annemin öleceğini ben de *anlamaya* başladım.

Бәзекең менің көзімді ауылдан жойғалы отыр [7;214]. Bazil beni köyden kovmaya niyetli. Қайран демей қайтейін, біздің сорлы боп жаралған маңдайымызға ол да сыймады... [7;146] Herimiz hayran idik ama ne yazık ki bizim talihsiz *alnımıza o da sığmadı* (elimize geçmedi)...

Ертесінде Жолдыбайға оқыған әңгімелерімнің уақиғасын бірінен соң бірін *майын тамызып айтып* бердім [7;277]. Ertesi gün Joldıbay'a okuduğum hikâyelerimin olay örgüsünü sırasıyla *güzelce* anlatıverdim.

Бұлар Шықабайдың Тұрсынбайы, Уәлібайдың Әбегі, Өзібектің Әріпбайы секілді кілең қадалған жерінен қан алмай тынбайтын көкжалдар еді [7;159]. Bunlar Şıkabay'ın Tursunbay'ı, Ualibay'ın Abeg'i, Özibek'in Aripbay'ı gibi hep *istediğini yaptırmadan* bırakmayan kurtlardı.

Ондай кезде ол «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бұрынғы рақат заманды аңсайды [7;60]. O sıralarda huzur ve *barışın hâkim olduğu* eski rahat zamanı arar.

Өкіл боп келген адамды құдай көреді [7;16]. Vekil olarak gelen kişiyi *Tanrı gibi görüyorlar*.

Сезінгіш жүрегім есіктен аттап кірген бетте-ақ үй ішін ала құйын кезіп өткенін, аға, жеңгемнің арасындағы әуелгі сүттей ұйыған татулықтан түк қалмағанын бірден байқады [7; 168]. Hassas kalbim, kapıdan girince evin içinde fırtınalar koptuğunu, abimle yengemin arasında eski *kaynaşmadan*, eski birlikten bir şey kalmadığını hemen hissetti.

Осы бір мен үшін *тіл жетпес* ауыр кезеңді мен оның шырағы жалп етіп сөнген шағын көзбен көріп, шыдай алар емеспін [7;137]. Benim için böyle *anlatmaya gücümün yetmediği* ağır bir dönemi, onun aniden sönen ışığını görüp seyretmeye dayanmam.

Төр үйде сыз еденге төселген құрым киіздің үстінде *төрт көзіміз түгел* азанғы шайымызды ішіп отырмыз [7;18]. Misafir odasında nemli zemine döşenen yıpranmış keçenin üstünde ailece hep birlikte sabah çayımızı içiyoruz.

**4. Тұзақ фразеологизмдер** – формасы жағынан бірдей, бірақ мағынасы әр түрлі фразеологизмдер.

У-шу бірдеңе естілмес пе екен дегендей өзіміздің үй жаққа елеңдеп көз *тігемін* [7;136]. Gürültü var mı yok mu diye kendi evimizin tarafına heyecanla dikkatle bakıyorum.

Түрік тілінде «көз *тігу*» (*göz dik-*).– бір нәрсені иемдену, қолға түсіру.

Сен көз *жұмғалы* міне екі жарым жыл болыпты [7;266]. Sen *hayata gözlerini yumalı* iki buçuk sene geçti.

Түрік тілінде «көз *жұму*» (*göz yum-*).– елемей, шыдау, кешіру.

Сабақтан тыс уақытта ойын-сауық үйірмесі, қабырға газетін шығаруға т.т. *қол тимейді* [7;161]. Ders dışında eğlence etkinliği, duvar gazetesi çıkarma vb., boş vakit kalmaz.

Түрік тілінде «қол *тимей*» (*el değme-*).– тазалығын бұзбау үшін қол ұшын тигізбеу.

## Қорытынды

Әрбір тіл халықтың тарихымен, салт-дәстүрімен, қоғамдық өмірімен, психологиясымен, мәдениетімен байланысты фразеологизмдерге бай. Фразеологизмдер барлық тілдердің әдеби шығармаларында жиі қолданылады және аударма кезінде ең үлкен қиындық туғызады. Фразеологизмдердің аудармасы олардың кейіпкерлері мен ерекшеліктеріне қарай әр түрлі жолмен жасалады.

Бұл мақалада қазақ балалар әдебиетінің классик жазушыларының бірі Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты шығармасы зерттеліп, қазақ тілінің тоқсан тоғыз тұрақты сөз тіркестері анықталды.

Анықталған қазақ тіліндегі фразеологизмдердің түрік тіліндегі аудармасы жасалу барысында төрт түрлі аударма тәсілі бары анықталды және аударма кезінде осы төрт жағдай назарға алынды: 1. Екі тілде де мағынасы бір, формасы бірдей фразеологизмдер; 2. Мағынасы ортақ, бірақ формасы әртүрлі фразеологизмдер; 3. Түрік тілінде баламасы жоқ фразеологизмдер; 4. Тұзақ фразеологизмдер – формасы жағынан бірдей, бірақ мағынасы әр түрлі фразеологизмдер.

Жоғарыдағы тізімді қарастырғанда, анықталған тоқсан тоғыз фразеологизмнің жетпіс екісі екі тілде де форма немесе мағына жағынан ортақ екені байқалады. Бұл жағдай қазақ тілі мен түрік тілінің мағыналық әлемі жағынан бір-бірімен қабаттасатынын және олардың тіл ішіндегі логикалық үлгілерінің негізінен ұқсас екендігін дәлелдейді. Қалған жиырма жеті фразеологизмнің түрік тіліндегі баламасы анықталмаса да, бұл фразеологизмдердің мағыналық баламалары әртүрлі сөздермен, метафоралар арқылы кездесетіні байқалды. Алайда, аударманы жүзеге асыратын адам екі тілдің де мағыналық егжей-тегжейін жіті білуі және ауыспалы мағыналардағы сөздер мен алдамшы баламалардан сақ болғаны маңызды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 356 б.
2. Atmaca E. Kazak türkçesinde “göz” organ ismiyle kurulmuş deyimlerin yapı ve anlam özellikleri // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi, sayı IX/2, 19-35. 2009.
3. Emir S. Örnekleriyle Açıklamalı Deyimler Sözlüğü. –İstanbul: Emir, 1977. – 322 s.
4. Балақаев М., Томанов М., Жанпейсов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 191 б.
5. Виноградов В. Избранные труды. История русского литературного языка. – Москва: Наука, 1978. – 326 с.
6. Aksoy Ö. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. – İstanbul, İnkılap Kitabevi, 1988. – 1203 s.
7. Соқпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат. – Алматы: Арыс, 2014. – 456 б.

### References

1. Kenesbaev I. Kazak tilinin frazeologiyalyk sozdigi [Phraseological Dictionary of the Kazakh language] (Gylym, Almaty, 1977, 356 p.). [in Kazakh]
2. Atmaca E. Kazak türkçesinde “göz” organ ismiyle kurulmuş deyimlerin yapı ve anlam özellikleri [Structure and meaning features of idioms formed with the organ name "eye" in Kazakh Turkish], Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi [Journal of Turkish World Studies], IX/2, 19-35 (2009). [in Turkish]
3. Emir S. Örnekleriyle Açıklamalı Deyimler Sözlüğü [Idiom Dictionary with Examples] (Emir, İstanbul, 1977, 322 p.). [in Turkish]



4. Balakaev M., Zhanpeisov E., Tomanov M., Manasbaev B. Kazakh tilinin stilistikasy [Stylistics of the Kazakh language] (Mektep, Almaty, 1966, 191 p.). [in Kazakh]
5. Vinogradov V. Izbrannye trudy. Istoriya russkogo literaturnogo yazyka [Selected works. The history of Russian literary language] (Nauka, Moscow, 1978, 326 p.). [in Russia]
6. Aksoy Ö. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü [Dictionary of Proverbs and Idioms] (İnkılap Kitabevi, İstanbul, 1988, 1203 p.). [in Turkish]
7. Sokpakbayev B. Balalyk shakka sayahat [A journey into childhood] (Arys, Almaty, 2014, 456 p.). [in Kazakh]

**Ж.Омирбекова<sup>1</sup>, С. Сердалина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Национальный центр тестирования, Система оценки уровня владения казахским языком  
КАЗТЕСТ, Астана, Казахстан

### **Виды и функции фразеологизмов на казахском и турецком языках (по произведению Б. Сокпакбаева "Путешествие в детство")**

**Аннотация.** Эта статья основана на работе одного из выдающихся писателей казахской литературы Бердибека Сокпакбаева «Путешествие в детство». В этой работе будут изучены значения казахско-турецких фразеологизмов, определенные в книге, и даны турецкие эквиваленты этих устойчивых фраз.

Для правильного перевода, прежде всего, важно, чтобы переводчик представлял связь между элементами предложения, различая переходные и фразеологические значения в слове и классах слов. При переводе регулярных выражений очень важно, чтобы переводчик мог сохранить значение данного выражения на исходном языке. Поэтому еще одна цель исследования – выявить и показать пути решения проблем перевода, с которыми мы сталкиваемся в ходе переводов фразеологизмов между языками. При сравнении казахского и турецкого языков с точки зрения регулярных выражений было замечено, что между двумя языками существует много общих идиом в формальном и семантическом контексте. Однако было обнаружено, что существуют также некоторые устойчивые фразы, не имеющие аналогов между исходным и переводным языками, и, хотя формально они имеют схожие языковые единицы, фразеологизмы, которые имеют разные значения в каждом языке. Это обстоятельство свидетельствует о существовании «ловушечных фразеологизмов», таких как «ловушечные слова», которые считаются обманчивой альтернативой в межъязыковых переводах.

**Ключевые слова:** казахский, турецкий, фразеологизмы, Бердибек Сокпакбаев

**Zh. Omirbekova<sup>1</sup>, S. Serdalina<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kazakh language knowledge level assessment system KAZTEST, National Testing Center,  
Astana, Kazakhstan

## **Types and functions of phraseology in the Kazakh and Turkish languages (based on the work of B. Sokpakbayev "Journey to childhood")**

**Abstract.** This article is based on the work of Berdibek Sokpakbayev, one of the prominent writers of Kazakh literature, entitled "Balalyk shakka sayahat". In this work, the meanings of the Kazakh-Turkish phraseological units defined in the book were studied, and the Turkish equivalents of these regular expressions were to be given.

First of all, in order to perform translation in the correct way, translator's ability to offer the connection between sentence elements, commutative/ idiomatic expressions in words and words groups is important. When translating idioms, it is important that translator does not lose the meaning of phrase in the source language. Therefore, another purpose of the research will be identify translation problem encountered between dialect and idiom and show solutions. When the Kazakh Turkish and Turkish idioms are compared, it is also noteworthy that common idioms between the two dialects, different meaningful idioms are established with formally similar looking. This indicates the existence of "trap words" as well as "trap idioms", which are accepted from false equivalents in inter-dialect translations.

**Keywords:** Kazakh, Turkish, idioms, Berdibek Sokpakbayev.

### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Өмірбекова Ж.** – ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Сердалина С.** – PhD, ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК-ның ҚАЗТЕСТ – қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі, Астана, Қазақстан.

**Omirbekova Zh.** – Candidate of Philological Sciences, Docent, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Serdalina S. – PhD, Kazakh language knowledge level assessment system – KAZTEST of "National Testing Center" of MES RK, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).